

**"Қазығұрт аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Қазығұрт аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 30/201-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 42/291-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 сәуірде № 3134 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2016 жылғы 8 шілдедегі № 6/32-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 08.07.2016 № 6/32-VI шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес, Қазығұрт аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазығұрт аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 30/201-V "Қазығұрт аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2654 тіркелген, 2014 жылғы 23 мамырда "Қазығұрт тынысы" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қазығұрт аудандық мәслихатының регламентінде 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны аудандық мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат  
хатшысының міндетін  
уақытша атқарушы*

*Н.Кадыров*

*Ж.Карабеков*